

**А. Абишева, 2-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, журналистика кафедрасының**  
**доценті, филология ғылымдарының кандидаты**  
**(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)**

## **ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗГІ СҮЙЕНЕТІНІ — ТІЛДІК НОРМА**

Қазіргі заманымызда қойылған басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу болып табылады.

Тіл мәдениетіне тән нормалар жастардың таза, нақты, лайықты әдеби тілмен сөйлеуге, диалект сөздер мен дөрекі сөздерді қолданбауға, сөйлеген сөздері жатық, әсерлі, түсінікті болуын қадағалайды. «Тіл мәдениеті дегеніміз — сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», деп анықтама береді Н. Уәлиев<sup>1</sup>.

Тіл байлығы — сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық — ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, толығу жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршеңдігін, бір сөзбен айтқанда, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы меңгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзбен қадағалап отыру керек. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі — тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбарланбауын талап етеміз.

Қазақ тілінің шұбарлануы жазба әдеби тілінің қалыптасуымен ілесе келді. Ең алдымен графикаға байланысты сөздерді дұрыс жазу мәселесі көтерілді. Орыс сөздерін былай қойғанда латын және орыс графикасы қазақ сөздерінің ережесін сақтау. Орфографиялық нормадан ауытқуға, оны өзгертіп жазуға болмайды<sup>2</sup>. Сөз қолдану мәдениеті сөзді мағынасына сай қолдануға (лексикалық нормаға) қажетті шарттар: сөз ділелдігі, сөз байлығы, тіл тазалығы, сөз әдебі.

Қорыта келгенде, тіл мәдениеті тілдік нормамен тығыз байланысты. Өйткені тілдік норма 1) сөзді дұрыс айту (орфоэпиялық норма), 2) сөзді емле ережесіне сай жазу (орфографиялық норма), 3) сөзді өз мағынасына сай қолдану (лексикалық норма), 4) сөйлемді дұрыс құрау (синтаксистік норма), 5) сөзді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық норма) болса, тіл мәдениеті ғылымы осы үрдістердің бұзылмауын қадағалайды.

<sup>1</sup> Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. — Алматы, 1991. 89-б.

<sup>2</sup> Жакыпова Ә. А. Тіл мәдениеті: Оқу құралы. — Қарағанды, 2004. 14-б.